- 3.1. «Педагогтың кәсіби үздіксіз дамуы» тақырыбында ұсынылған материалдар педагогикалық тәжірибеде басшылыққа алынсын.
- 3.2. Педагогтер үздіксіз білім беру курстары, семинарлар, тренингтер мен шеберлік сабақтарына жүйелі қатысып отырсын.
- 3.3. Әдіскер жыл бойы педагогтердің кәсіби даму траекториясын қадағалап, әдістемелік қолдау көрсетсін.

4-мәселе бойынша:

Мерекелік, тәрбиелік және танымдық іс-шараларды ұйымдастырудың сапалы болуына әсер ететін негізгі талаптар талданды.

Әдіскер іс-шараларды жоспарлау кезінде төмендегі міндеттерді ескеру қажеттігін түсіндірді:

- балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жұмыс түрлерін таңдау;
- сценарийді құрылымдау және уақытты тиімді жоспарлау;
- шығармашылық қабілеттерді дамытуға бағытталған ойын, би, ән элементтерін қосу;
- қауіпсіздік ережелерін сақтау;
- ата-аналарды іс-шараларға жұмылдырудың тиімді әдістері;
- көрнекіліктер мен безендіру элементтерін қалыптастыру талаптары.

Әдістемелік ұсынымдар арқылы педагогтар іс-шараларды кәсіби деңгейде өткізуге арналған нақты мысалдар мен ұсыныстар алды.

ШЕШІМДЕРІ

4-мәселе бойынша:

- 4.1. Балабақшадағы мерекелер, ашық есік күндері, ертеңгіліктер және басқа іс-шаралар бекітілген сценарийлер мен әдістемелік ұсынымдарға сәйкес өткізілсін.
- 4.2. Әр іс-шара алдында қауіпсіздік талаптары бойынша инструктаж жүргізу педагогтарға міндеттелсін.

4.3. Ата-аналармен бірлескен іс-шаралардың формалары кеңейтіліп, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар жүйелі ұйымдастырылсын.

4.4. Сахналық көрнекіліктер, безендіру элементтері және материалдық база мерзімінде дайындалсын және жаңартылып отырсын.

5-мәселе бойынша:

Ағымдағы жұмыстарға байланысты бірқатар ұйымдастырушылық сұрақтар қаралды:

- топтарды жаңа оқу жылына материалдық-техникалық тұрғыда дайындау;
- дамытушы ортаны толықтыру;
- санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау;
- педагогикалық құжаттардың уақытылы тапсырылуы;
- балалардың бейімделу кезеңін бақылау;
- ата-аналармен алғашқы таныстыру жиналыстарын ұйымдастыру.

Педагогтар тарапынан ұсыныстар мен сұрақтар көтеріліп, әрқайсысына әдіскер тарапынан нақты шешімдер мен түсіндірмелер берілді.

ШЕШІМДЕРІ


5-мәселе бойынша:

5.1. Топ бөлмелерін жаңа оқу жылына дайындау және дамытушы ортаны толықтыру қыркүйек айының алғашқы аптасында аяқталсын.

5.2. Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау мәселелері бойынша педагогтер мен кіші қызметкерлерге нұсқаулық жүргізілсін.

5.3. Балалардың бейімделу кезеңі барысында педагогтерге күнделікті бақылау, жазбалар жүргізу және ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жасау жүктелсін.

5.4. Ағымдағы мәселелерді шешу бойынша ұсыныстар жұмыс барысында орындауға қабылдансын.

Әдіскер: _____  Каххарова Д

Хатшы: _____  Мараимова У

«Мадина» бөбекжа- балабақшасы» жеке мекемесі
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №2

Өткізілген күні: 07 қараша 2025 ж.

Өткізілген орны: «Мадина» бөбекжай- балабақшасы» жеке мекемесі

Торайым: Каххарова Д

Хатшы: Мараимова У

Тақырыбы: *«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалау»*

Жүргізілу түрі: дөңгелек үстел

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамыту жүйесі».
3. «Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру талаптары».
4. «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» байқауы.
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалау өлшемшарттары.
6. Ағымдағы мәселелер.

ТЫНДАЛДЫ:

1-мәселе: №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалу барысы мен нәтижелері.

1-мәселе бойынша шешімі: №1 кеңес шешімдері қанағаттанарлық деп танылсын. Педагогтар құжаттарды (перспективалық жоспар, циклограмма, жеке даму картасы, портфолио) талапқа сай жүргізіп отыр. Құжаттардың сапасын арттыру мақсатында педагогтарға қосымша әдістемелік қолдау көрсетілсін. Мониторинг пен даму карталарын толтыру мерзімі қатаң бақылауда ұсталсын.

2-мәселе: «Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамыту жүйесі». Педагогтерге балалардың сөздік қорын кеңейту, фонетикалық және артикуляциялық дағдыларын жетілдіру, диалогтық және монологтық сөйлеуді дамыту бағыттары түсіндірілді. Сондай-ақ, тілдік ортаны байыту, ойын арқылы тіл дамыту әдістерін, логоритмика, мнемотехнология және ертегі терапиясы қолдану жолдары талқыланды.

2-мәселе бойынша шешімі: Тіл дамыту әдістемелері тұрақты қолданысқа енгізілсін. Сөйлеу кемшіліктері бар балалармен жеке түзету жұмыстары жүйелі жүргізілсін. Тіл дамыту орталықтары қажетті материалдармен толықтырылсын.

3-мәселе: «Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру талаптары». Тәрбиешілерге топ бөлмелеріндегі оқу орталықтарын дұрыс ұйымдастыру, баланың жас ерекшелігіне сай заттық және көрнекі құралдарды орналастыру, қауіпсіздік пен эстетикалық талаптарды сақтау жолдары түсіндірілді. Сонымен қатар, оқу ортасының балалардың шығармашылық және

зерттеушілік қабілеттерін дамытатын рөлі талқыланды.
3-мәселе бойынша шешімі: Дамытушы ортаны жаңарту ай сайын жүргізілсін. Топтардағы оқу орталықтарының талапқа сәйкестігі мониторинг арқылы тексерілсін. Қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін элементтер уақытылы ауыстырылсын.

4-мәселе: «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» байқауы. Байқаудың мақсат-міндеттері, кезеңдері, бағалау критерийлері (инновация, әдістемелік материалдар, ашық іс-әрекеттер сапасы, кәсіби шеберлік, шығармашылық жұмыс) қарастырылды. Педагогтерге қатысу тәртібі мен құжаттарды дайындау жолдары түсіндірілді.

4-мәселе бойынша шешімі: «Үздік педагог» байқауына педагогтердің толық қатысуы қамтамасыз етілсін. Байқау материалдары мерзімінде өткізіліп, әдістемелік кеңеске ұсынылсын.

5-мәселе: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалау өлшемшарттары.

Педагогтерге сапаны бағалау бағыттары мен критерийлері түсіндірілді: педагог қызметінің кәсібилігі, білім беру бағдарламасының орындалуы, балалар жетістіктерін мониторингілеу, оқу ортасы, денсаулық және қауіпсіздік талаптары, ата-аналармен жұмыс. Әр критерий бойынша нақты көрсеткіштер мен бағалау әдістері талқыланды.


5-мәселе бойынша шешімі: Сапаны бағалау өлшемшарттары барлық педагогтердің жұмысында басшылыққа алынсын. Жыл соңына дейін ішкі бағалау бойынша талдау жұмыстары жүргізілсін.

6-мәселе: Ағымдағы мәселелер.

Балабақшадағы дамытушы ортаны толықтыру, желтоқсан мерекелеріне дайындық, қауіпсіздік журналдарын жүргізу, балалар қатысуы бойынша деректерді жаңарту, құжаттарды рәсімдеу мәселелері қаралды.

6-мәселе бойынша шешімі: Ағымдағы мәселелер бойынша ұсынылған тапсырмалар мерзімінде орындалсын. Қажет болған жағдайда түзетулер мен қосымша шаралар қабылдансын.

Әдіскер: _____  Каххарова Д

Хатшы: _____  Мараимова У

«Мадина» бөбекжай- балабақшасы» жеке мекемесі
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №3

Тақ Өткізілген күні: 09 қаңтар 2026 ж.

Өткізілген орны: «Мадина» бөбекжай- балабақшасы» жеке мекемесі

Төрайым: Каххарова Д

Хатшы: Мараимова У

Тақырыбы: *«Бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі және балабақша мен отбасы арасындағы қарым-қатынасты жетілдіру»*

Жүргізілу түрі: дөңгелек үстел

Күн тәртібі:

1. №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Ағымдағы мәселелер.
3. «Отбасы әлеуметтік институтының бала тәрбиесіндегі рөлі».
4. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту» әдістемелік ұсынымдар.
5. «Үлгілі отбасы – мәңгілік елдің тірегі» отбасылық байқауы.
6. «БАҚ беттеріне жариялануы».

ТЫНДАЛДЫ:

1-мәселе: №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалу барысы.

1-мәселе бойынша шешімі: №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын. Педагогтар мен тәрбиешілердің тіл дамыту, дамытушы ортаны ұйымдастыру және «Үздік педагог» байқауы бойынша тапсырмалары толық орындалған. Құжаттарды рәсімдеу мен мониторинг жүргізу жұмысы бақылауда ұсталады.

2-мәселе: Ағымдағы мәселелер.

Тәрбиешілер топтардағы дамытушы ортаны толықтыру, жаңа оқу жылына дайындық, мерекелік іс-шараларға жоспарлау және қауіпсіздік талаптарын сақтау бойынша өзекті мәселелерді талқылады.

2-мәселе бойынша шешімі: Ағымдағы мәселелер бойынша ұсынылған тапсырмалар мерзімінде орындалсын. Қажет болған жағдайда түзетулер мен қосымша шаралар қабылдансын.

3-мәселе: «Отбасы әлеуметтік институтының бала тәрбиесіндегі рөлі». Тәрбиеші отбасының баланың тұлғалық дамуына, мінез-құлық нормаларын қалыптастыруға және эмоционалды тұрақтылығына әсері туралы баяндамасын жасады. Отбасының бала тәрбиесіндегі негізгі міндеттері, ата-аналар мен балабақша арасындағы бірлескен жұмыстың маңызы, коммуникацияның тиімді жолдары талқыланды.

3-мәселе бойынша шешімі: Балабақша мен отбасы арасындағы өзара байланыс нығайтылады. Ата-аналарға педагогикалық кеңестер, тренингтер, консультациялар ұйымдастырылсын. Педагогтер отбасының баланың дамуына қосатын үлесін бақылауда ұстасын.

4-мәселе: «Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту» әдістемелік ұсынымдар. Тәрбиеші ата-аналарды ұйымдастырылған іс-әрекетке қатыстыру, іс-шараларға тарту, үй тапсырмаларын бірге орындау және баланың оқу белсенділігін арттыру жолдары туралы әдістемелік ұсынымдар берді. Ата-аналармен бірлескен жобаларды ұйымдастыру мысалдары көрсетілді.

4-мәселе бойынша шешімі: Ата-аналарды тәрбиелеу-білім беру процесіне жүйелі тарту жүзеге асырылсын. Үй тапсырмаларын орындау, жобалық жұмыстар және іс-шараларға қатысу бойынша нақты жоспар бекітілсін.

5-мәселе: «Үлгілі отбасы – мәңгілік елдің тірегі» отбасылық байқауы. Әдіскер, тәрбиешілер және музыка жетекшісі байқаудың мақсат-міндеттері мен ұйымдастыру кезеңдерін түсіндірді. Байқауға қатысу тәртібі, бағалау критерийлері, шығармашылық және көрнекі материалдарды дайындау жолдары қарастырылды.

5-мәселе бойынша шешімі: Байқау барлық қатысушылар үшін әділ және ашық түрде өткізіліп, нәтижелері әдістемелік кеңеске ұсынылсын. Жеңімпаз отбасылардың тәжірибесі педагогикалық тәжірибеге енгізілсін.

6-мәселе: «БАҚ беттеріне жариялануы». Балабақшадағы маңызды іс-шаралар, байқаулар мен балалардың жетістіктері БАҚ-та және әлеуметтік желілерде жариялану мәселесі талқыланды.

6-мәселе бойынша шешімі: Барлық іс-шаралар мен байқаулардың нәтижелері мерзімінде БАҚ-та және әлеуметтік желілерде жариялансын. Педагогтар мен тәрбиешілер материалдарды уақтылы дайындасын.

Әдіскер: Д.И.И. Каххарова Д

Хатшы: М.И.И. Мараимова У

«Мадина» бөбекжай- балабақшасы» жеке мекемесі
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №4

Өткізілген күні: 06 наурыз 2026 ж.

Өткізілген орны: «Мадина» бөбекжай- балабақшасы» жеке мекемесі

Төрайым: Каххарова Д

Хатшы: Мараимова У

Тақырыбы: *«Білімді ұлт – сапалы білім беру»*

Жүргізілу түрі: дөңгелек үстел

Күн тәртібі:

1. №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «Алаңдағы бестемше».
3. «Әжемнің ертегісі» жобасы арқылы жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылық пен ұлтжандылық тәрбиені қалыптастыру.
4. Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық құндылықтар арқылы адамгершілік тәрбие беру.
5. «БАҚ беттеріне жариялануы».
6. Ағымдағы мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе: №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалу барысы. Хаттамада қаралған №3 кеңес шешімдері бойынша: отбасы мен балабақша арасындағы қарым-қатынасты жетілдіру, ата-аналарды тәрбие-білім процесіне тарту, «Үлгілі отбасы» байқауын өткізу тапсырмалары толық орындалған. Мониторинг жүргізу, құжаттарды рәсімдеу және есеп беруді ұйымдастыру жұмыстары қатаң бақылауда ұсталды.

1-мәселе бойынша шешімі: №3 кеңес шешімдері толық орындалды деп танылсын. Педагогтар мен тәрбиешілерге құжаттарды рәсімдеу және мониторинг жүргізу бойынша қосымша әдістемелік қолдау көрсетілсін.

2-мәселе: «Алаңдағы бестемше» жобасының жүзеге асырылуы. Жоба балалардың шығармашылық қабілеттерін, топтық жұмыс дағдыларын, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған. Тәрбиеші жобаның барысы, балалардың қатысу белсенділігі және нәтижелерін баяндады.

2-мәселе бойынша шешімі: «Алаңдағы бестемше» жобасы педагогикалық тәжірибеде тұрақты қолданылсын. Жобаның нәтижелері педагогикалық мониторингке енгізілсін, топтық және жеке жетістіктерді есепке алу жүйесі енгізілсін.

3-мәселе: «Әжемнің ертегісі» жобасы арқылы жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылық пен ұлтжандылық тәрбиесін қалыптастыру. Әдіскер жобаның мақсатын, мазмұнын және ұлттық құндылықтарды

тәрбиелеу жолдарын кеңінен түсіндірді. Балаларға ертегі арқылы патриоттық сезім, дәстүрге құрмет, ұлттық әдет-ғұрыпты сақтау дағдылары үйретілді.
3-мәселе бойынша шешімі: «Әжемнің ертегісі» жобасы оқу үдерісінде тұрақты түрде қолданылсын. Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлер балаларға жүйелі түрде таныстырылсын, ата-аналармен бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылсын.

4-мәселе: Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық құндылықтар арқылы адамгершілік тәрбие беру.

Тәрбиеші балаларға адамгершілік, мейірімділік, сыйластық, достық, жауапкершілік сияқты моральдық-құндылықтарды ойын, сурет, драматизация және ертегі арқылы беру әдістерін түсіндірді.

4-мәселе бойынша шешімі: Балаларды ұлттық құндылықтар арқылы адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеу тұрақты түрде жүргізілсін. Әр топта арнайы іс-шаралар мен жаттығулар жоспары бекітілсін. Педагогтер әдістемелік нұсқаулықтар мен көрнекі материалдарды пайдалансын.

5-мәселе: «БАҚ беттеріне жариялануы».

Балабақшадағы жобалар, байқаулар, мерекелер мен балалардың жетістіктерін БАҚ-та және әлеуметтік желілерде жариялау мәселесі қаралды.

5-мәселе бойынша шешімі: Барлық жобалар мен іс-шаралар мерзімінде БАҚ-та және әлеуметтік желілерде жариялансын. Педагогтар мен тәрбиешілер материалдарды уақытында дайындап, кеңеске ұсынсын.

6-мәселе: Ағымдағы мәселелер.

Балабақшадағы дамытушы ортаны толықтыру, мерекелік іс-шараларға дайындық, қауіпсіздік талаптарын сақтау, құжаттарды рәсімдеу және педагогикалық жұмысты жүйелеу мәселелері талқыланды.

6-мәселе бойынша шешімі: Ағымдағы мәселелер бойынша ұсынылған тапсырмалар мерзімінде орындалсын. Қажет болған жағдайда түзетулер мен қосымша шаралар қабылдансын.

Әдіскер: _____ Каххарова Д

Хатшы: _____ Маранимова У

«Мадина» бөбекжай- балабақшасы» жеке мекемесі
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №5

Тақ Өткізілген күні: 08 мамыр 2026 ж.

Өткізілген орны: «Мадина» бөбекжай- балабақшасы» жеке мекемесі

Төрайым: Каххарова Д

Хатшы: Мараимова У

Тақырыбы: «Жылдық оқу мен тәрбиелеу нәтижелерінің қорытындысы»

Жүргізілу түрі: пікірталас

Күн тәртібі:

1. №4 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау.
3. Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде мадақтауға ұсынатын педагог кандидатурасын қарау.
4. Келесі оқу жылындағы мақсат-міндеттер.
5. Ағымдағы мәселелер мен ұсыныстар.

ТЫНДАЛДЫ

1-мәселе: №4 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалу барысы.

Тыңдалды: №4 кеңес шешімдерінің орындалуы талқыланды. Соның ішінде:

- «Аландағы бестемше» жобасының жүзеге асырылуы, балалардың шығармашылық және коммуникативтік дағдыларын дамыту;
- «Әжемнің ертегісі» жобасы арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттау және балаларда патриоттық сезімді қалыптастыру;
- Балаларды адамгершілік, сыйластық, мейірімділік қасиеттерге тәрбиелеу;
- БАҚ беттерінде балабақшадағы маңызды іс-шараларды жариялау;
- Дамытушы ортаны толықтыру және қауіпсіздік талаптарын сақтау.

Шешімі: №4 әдістемелік кеңес шешімдері толық орындалды деп танылсын. Педагогтар мен тәрбиешілердің жұмысы қанағаттанарлық бағалансын. Құжаттарды рәсімдеу мен мониторинг жүргізу жұмыстарын жалғастыру, нәтижелерін педагогикалық тәжірибеге енгізу міндеттелсін.

2-мәселе: Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау.

Тыңдалды: Педагогтар мен тәрбиешілер жылдық оқу жоспары бойынша орындалған міндеттерді баяндады. Балалардың оқу-тәрбие жетістіктері, топтардағы дамытушы ортаның тиімділігі, ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен жобалардың сапасы қаралды. Мониторинг нәтижелері бойынша

балалардың тілдік, әлеуметтік, шығармашылық және логикалық дағдыларының айтарлықтай өскені байқалды.

Шешімі: Жылдық оқу жоспары бойынша барлық міндеттер орындалды деп танылсын. Балалардың оқу-тәрбие жетістіктерін жүйелі түрде бақылау жалғассын. Педагогтарға жылдық жоспардың тиімділігін арттыру үшін қосымша әдістемелік ұсынымдар беріледі. Келесі оқу жылында жоспарлау кезінде өткен тәжірибені ескеру міндеттелсін.

3-мәселе: Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде мадақтауға ұсынатын педагог кандидатурасын қарау.

Тыңдалды: Педагогикалық жұмыс нәтижелері бойынша кандидаттар ұсынылды. Үздік көрсеткіштерге қол жеткізген педагогтар: сабұйымдастырылған іс-әрекеті жоспарын сапалы дайындау, балалармен жеке жұмыс жүргізу, инновациялық әдістерді қолдану, ата-аналармен тиімді байланыс орнату, жобалар мен байқауларды ұйымдастыру жағынан ерекшеленген.

Шешімі: Жыл бойы үздік нәтиже көрсеткен педагогтар мадақтауға ұсынылсын. Жеңімпаз педагогтардың тәжірибесі әдістемелік кеңеске енгізіліп, басқа педагогтармен бөлісілсін. Педагогтардың кәсіби дамуын қолдау және үздік әдістемелерді тарату жүйелі түрде жүргізілсін.

4-мәселе: Келесі оқу жылындағы мақсат-міндеттер.

Тыңдалды: Келесі оқу жылындағы мақсаттар мен міндеттер талқыланды. Оларға мыналар кіреді:

- Бала дамуы мен оқу-тәрбие сапасын арттыру.
- Отбасы мен балабақша арасындағы өзара байланысты нығайту.
- Ұлттық құндылықтарды насихаттау және адамгершілік тәрбиені күшейту.
- Педагогтардың кәсіби дамуын тұрақты бақылау және қолдау.
- Оқу-тәрбие процесінде инновациялық жобаларды енгізу.
- Дамытушы ортаны жаңарту және материалдық базаны жетілдіру.
- Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған іс-шаралар мен жобаларды ұйымдастыру.

Шешімі: Келесі оқу жылына арналған мақсат-міндеттер бекітілсін. Педагогикалық жұмыстың тиімділігін арттыру үшін әр топқа нақты жоспарлар жасалып, жауапты тұлғалар белгіленсін. Инновациялық жобаларды іске асыру және оқыту-тәрбие сапасын арттыру бойынша ұсыныстар әдістемелік кеңеске енгізілсін.

Қорытынды:

Әдістемелік кеңес нәтижесінде 2025–2026 оқу жылындағы педагогикалық жұмыстың сапасы қанағаттанарлық деп бағаланды. Педагогтардың кәсіби

дамуы, балалардың оқу-тәрбие жетістіктері мен шығармашылық қабілеттерінің өсуі айқын көрінді. Ата-аналармен бірлескен жұмыс жалғасады, жаңа оқу жылында сапалы және нәтижелі оқыту мен тәрбиелеу мақсаттары жүзеге асырылсын.

Әдіскер: _____  Каххарова Д

Хатшы: _____  Мараимова У

«Мадина» бөбекжай- балабақшасы» жеке мекемесі
 меңгеруші: **Ә.Каххарова**



«Мадина» бөбекжай- балабақшасы» жеке мекемесі бойынша

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ 2026–2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС №1

№	ҚАРАЛАТЫН МӘСЕЛЕЛЕР	ЖАУАПТЫЛАР
<i>Қыркүйек айы</i> Тақырыбы: «ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ҮЗДІКСІЗ ДАМУЫ- МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУДІҢ КЕПІЛІ» Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел		
1.	Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары: - перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг-жеке даму картасы; - өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау; - портфолио жинақтау; - вариативтік компонент бағдарламаларын, шығармашылық жобалар дайындау, бекіту.	Әдіскер:Каххарова Д
2.	Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту	Әдіскер:Каххарова Д
3.	«Педагогтың кәсіби үздіксіз дамуы- мектепке дейінгі білім сапасын көтерудің кепілі» (презентация)	Әдіскер:Каххарова Д
4.	Мектепке дейінгі ұйым жағдайында іс-шараларды (ашық есік күні, мерекелер, ертеңгіліктер және басқалар) өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар	Әдіскер:Каххарова Д
5.	Ағымдағы мәселелер.	Әдіскер:Каххарова Д

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС №2

№	ҚАРАЛАТЫН МӘСЕЛЕЛЕР	ЖАУАПТЫЛАР
<i>Қараша айы</i> Тақырыбы: МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ САПАСЫН БАҒАЛАУ. Жүргізілу түрі: конференция		
1.	№1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.	Әдіскер:Каххарова Д
2.	«Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамыту жүйесі»	Әдіскер:Каххарова Д Әдіскер:Каххарова Д
3.	«Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру талаптары»	Тәрбиешілер
4.	« <i>Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі</i> » байқауы	Әдіскер:Каххарова Д
5.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалау өлшемшарттары.	Тәрбиешілер
6.	Ағымдағы мәселелер.	Әдіскер:Каххарова Д Әдіскер:Каххарова Д

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС №3

№	ҚАРАЛАТЫН МӘСЕЛЕЛЕР	ЖАУАПТЫЛАР
<i>Қаңтар айы</i> Тақырыбы: «БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ РӨЛІ ЖӘНЕ БАЛАБАҚША МЕН ОТБАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ЖЕТІЛДІРУ» Жүргізілу түрі: дөңгелек үстел		
1.	№2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.	Әдіскер:Каххарова Д
2.	Ағымдағы мәселелер.	Әдіскер:Каххарова Д
3.	«Отбасы әлеуметтік институтының бала тәрбиесіндегі рөлі»	Тәрбиешілер
4.	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім берупроцесіне ата-аналарды тарту» әдістемелік ұсынымдар	Тәрбиешілер
5.	"Үлгілі отбасы - мәңгілік елдің тірегі" отбасылық байқау	Әдіскер:Каххарова Д тәрбиешілер, Музыка жетекшісі.

6	«БАҚ беттеріне жариялануы»	Әдіскер:Каххарова Д
---	----------------------------	---------------------

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС №4

№	ҚАРАЛАТЫН МӘСЕЛЕЛЕР	ЖАУАПТЫЛАР
<i>Наурыз айы</i> Тақырыбы: «БІЛІМДІ ҰЛТ» САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ» Жүргізілу түрі: дөңгелек үстел		
1.	№3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.	Әдіскер:Каххарова Д
2.	«Алаңдағы бестемше»	Тәрбиешілер
3.	«Әжемнің ертегісі» жобасы арқылы жас ұрпақтың бойына, ұлттық құндылық пен ұлтжандылық тәрбиені қалыптастыру	Әдіскер:Каххарова Д
4.	Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық құндылықтар арқылы адамгершілік тәрбие беру	Тәрбиешілер
5.	«БАҚ беттеріне жариялануы»	
6.	Ағымдағы мәселелер.	Әдіскер:Каххарова Д

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС №5

№	ҚАРАЛАТЫН МӘСЕЛЕЛЕР	ЖАУАПТЫЛАР
<i>Мамыр айы</i> Тақырыбы: ЖЫЛДЫҚ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ. Жүргізілу түрі: пікірталас		
1.	№4 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.	Әдіскер:Каххарова Д
2.	Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау	Әдіскер:Каххарова Д
3.	Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде мадақтауға ұсынатын педагог кандидатурасын қарау	әдістемелік бірлестік жетекшілері
4.	Келесі оқу жылындағы мақсат-міндеттер	Әдіскер:Каххарова Д

Әдіскер: *Каххарова Д.* *Дм*

«Мадина» бобекжай- балабақшасы» жеке мекемесі
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №1

Өткізілген күні: 04 қыркүйек 2026ж.

Өткізілген орны: «Мадина» бобекжай- балабақшасы» жеке мекемесі

Торайым: Каххарова Д

Хатшы: Мараимова У

Тақырыбы: *«Педагогтың кәсіби үздіксіз дамуы – мектепке дейінгі білім сапасын көтерудің кепілі»*

Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:
 - перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг – жеке даму картасы;
 - өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарларын талқылау;
 - портфолио жинақтау;
 - шығармашылық жобаларды дайындау, бекіту.
2. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту.
3. «Педагогтың кәсіби үздіксіз дамуы – мектепке дейінгі білім сапасын көтерудің кепілі» тақырыбындағы презентация.
4. Мектепке дейінгі ұйым жағдайында іс-шараларды (ашық есік күні, мерекелер, ертеңгіліктер және басқалар) ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.
5. Ағымдағы мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Әдіскер Каххарова Д жаңа оқу жылы басталар алдындағы педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың негізгі талаптарына кең көлемде тоқталды.

Алдымен **перспективалық жоспарлардың** мазмұны, құрылымы, бөлімдері және мемлекеттік бағдарламамен сәйкестендірілуі қарастырылды. Жоспарлар балалардың жас ерекшеліктеріне, оқу іс-әрекеттерінің күнтізбелік-тақырыптық мазмұнына, дамыту ортасының мүмкіндіктеріне бейімделе отырып жасалу керектігі нақты түсіндірілді.

Циклограммаларды әзірлеу кезінде топтың күн тәртібіндегі барлық іс-әрекеттердің ретімен, ұзақтығымен және мазмұндық сәйкестігімен толтырылуының маңыздылығы айтылды. Әдіскер балалардың физиологиялық

ерекшеліктерін ескеру, қозғалыс белсенділігі мен тынығу арақатынасының дұрыс ұйымдастырылуы қажет екеніне тоқталды.

Мониторинг және жеке даму карталарының толтырылу барысында диагностика нәтижелерін дұрыс интерпретациялау, көрсеткіштердің нақты берілуі және баланың жеке даму динамикасын жүйелі түрде бақылау қажеттігі атап өтілді. Мониторинг жүргізудің мерзімділігі, құралдары және оның педагог жұмысының сапасын бағалаудағы рөлі түсіндірілді.

Өзіндік білім көтеру жұмыстары бойынша педагог әр оқу жылында өз кәсіби тақырыбын дұрыс тандап, оны жыл бойы теориялық және практикалық тұрғыда дамытуы керектігі қарастырылды. Тақырыптың топ ерекшелігіне сәйкес болуы, зерттеу, бақылау, рефлексия жүргізу әдістері талқыланды.

Педагог портфолиосының құрылымы, оны цифрлық форматта жинақтаудың артықшылықтары, портфолиоға енгізілетін дәлелдемелік материалдар (фото, бейне, әдістемелік материалдар, авторлық жұмыс, ашық іс-әрекет scénarileri, марапаттар) кеңінен түсіндірілді. Портфолио педагог қызметін бағалауда маңызды құжат екені атап өтілді.

Шығармашылық жобаларға тоқтала келе, әдіскер авторлық бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуде баланың қызығушылығы, ұлттық құндылықтар, шығармашылық қабілеттерді дамыту бағыттары ескерілуі тиіс екенін атап өтті. Бағдарламаның мақсат-міндеттері, құрылымы, күтілетін нәтижелері және енгізу жолдары түсіндірілді.

Педагогтар тарапынан жоспарлар мен құжаттар бойынша сұрақтар қойылып, әдіскер тарапынан нақты мысалдармен түсіндірме берілді.

ШЕШІМДЕРІ

1-мәселе бойынша:

- 1.1. Педагогтардың перспективалық жоспарлары, циклограммалары, мониторинг материалдары және жеке даму карталары 2025 жылғы қыркүйек айының соңына дейін толық әрі талапқа сай әзірленсін.
- 1.2. Өзіндік білім көтеру тақырыптары педагогтердің кәсіби деңгейін арттыруға бағытталып, жеке жоспарлар бекітілсін.
- 1.3. Педагог портфолиосы цифрлық және қағаз форматта жүйелендіріліп, тоқсан сайын жаңартылып отырсын.
- 1.4. Шығармашылық жобалар талқыланып, келісімнен кейін бекітіліп, оқу үдерісіне енгізілсін.
- 1.5. Әдіскер тарапынан құжаттарды рәсімдеу бойынша консультациялық қолдау тұрақты ұйымдастырылсын.

2-мәселе бойынша:

Әдістемелік бірлестік жоспары жан-жақты талқыланып, оның негізгі бағыттары кеңейтілген түрде түсіндірілді.

Жоспарға енгізілген:

- педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған семинар-практикумдар;
- жаңа әдістемелік материалдармен таныстыру;
- педагогикалық кеңестер мен шеберлік ұйымдастырылған іс-әрекеттері;
- ашық ұйымдастырылған ұйымдастырылған іс-әрекеті;
- әдістемелік онкүндіктер;
- ата-аналармен жұмыс нұсқаулықтары;
- құжат жүргізу мәдениеті мәселелері.

Сонымен қатар жоспардың әр айға бөлінген нақты іс-шаралары, олардың мақсаты, міндеттері, күтілетін нәтижелері талқыланды. Педагогтердің ұсыныстары ескеріліп, жоспар мазмұнын толықтыру бойынша пікірлер айтылды.

ШЕШІМДЕРІ

2-мәселе бойынша:

2.1. 2025–2026 оқу жылына арналған Әдістемелік бірлестік жұмыс жоспары түгелдей бекітілсін.

2.2. Жоспардағы іс-шаралардың орындалуы бойынша ай сайын мониторинг жүргізілсін.

2.3. Педагогтердің ұсыныстарын ескере отырып, жоспарға қосымша түзетулер енгізу қажет болған жағдайда жыл ішінде өзгерістер енгізуге рұқсат етілсін.

3-мәселе бойынша:

Презентация барысында педагогтың кәсіби дамуының үздіксіздігі — сапалы білім берудің негізгі факторы екені жан-жақты ашылды.

Әдіскер педагогтың кәсіби дамуындағы төмендегі бағыттарға тоқталды:

- жаңа білім беру бағдарламаларын меңгеру;
- инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану;
- заманауи цифрлық платформаларды пайдалану;
- жеке кәсіби өсу траекториясын құру;
- әдістемелік қауымдастыққа қатысу;
- тәжірибе алмасу, өзін-өзі бағалау және рефлексия.

Презентация барысында заманауи зерттеулерден мысалдар келтіріліп, кәсіби даму педагогтың тұлғалық, шығармашылық және білім сапасын арттырудағы маңызы баса айтылды.

ШЕШІМДЕРІ

3-мәселе бойынша:

- 3.1. «Педагогтың кәсіби үздіксіз дамуы» тақырыбында ұсынылған материалдар педагогикалық тәжірибеде басшылыққа алынсын.
- 3.2. Педагогтер үздіксіз білім беру курстары, семинарлар, тренингтер мен шеберлік сабақтарына жүйелі қатысып отырсын.
- 3.3. Әдіскер жыл бойы педагогтердің кәсіби даму траекториясын қадағалап, әдістемелік қолдау көрсетсін.

4-мәселе бойынша:

Мерекелік, тәрбиелік және танымдық іс-шараларды ұйымдастырудың сапалы болуына әсер ететін негізгі талаптар талданды.

Әдіскер іс-шараларды жоспарлау кезінде төмендегі міндеттерді ескеру қажеттігін түсіндірді:

- балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жұмыс түрлерін таңдау;
- сценарийді құрылымдау және уақытты тиімді жоспарлау;
- шығармашылық қабілеттерді дамытуға бағытталған ойын, би, ән элементтерін қосу;
- қауіпсіздік ережелерін сақтау;
- ата-аналарды іс-шараларға жұмылдырудың тиімді әдістері;
- көрнекіліктер мен безендіру элементтерін қалыптастыру талаптары.

Әдістемелік ұсынымдар арқылы педагогтар іс-шараларды кәсіби деңгейде өткізуге арналған нақты мысалдар мен ұсыныстар алды.

ШЕШІМДЕРІ

4-мәселе бойынша:

- 4.1. Балабақшадағы мерекелер, ашық есік күндері, ертеңгіліктер және басқа іс-шаралар бекітілген сценарийлер мен әдістемелік ұсынымдарға сәйкес өткізілсін.
- 4.2. Әр іс-шара алдында қауіпсіздік талаптары бойынша инструктаж жүргізу педагогтарға міндеттелсін.
- 4.3. Ата-аналармен бірлескен іс-шаралардың формалары кеңейтіліп, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар жүйелі ұйымдастырылсын.